

**"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1112
қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 3 тамыздағы № 1019 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 тамыздағы
№ 938 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.08.2014 N 938 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері»
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1112
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 40, 523-құжат)
мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар министрлігі туралы ережеде:

14-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
«өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде
ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;

өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де
нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, өз
құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі мен оны қамтамасыз ету
бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы халықты хабардар ету, насихат
және қарсы насихат жұмыстарын жүргізу;

өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі
іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты
ұйымдардың қызметіне басшылық ету.»;

18-тармақ мынадай мазмұндағы 9-2) тармақшамен толықтырылсын:
«9-2) әрекеті (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық
мүдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төнуіне әкеп соғатын
министрліктің лауазымды адамдары мен мемлекеттік қызметшілерін
жауапкершілікке тартады;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК